

Үшқұдық ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 10 қарашадағы № 27 "Көшелерге атау беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Үшқұдық ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 сәуірде № 7061 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына 50 бабына сәйкес, Үшқұдық ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Үшқұдық ауылдық округі әкімінің қазақ тіліндегі 2008 жылғы 10 қарашадағы № 27 "Көшелерге атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-3-63 болып тіркелген, 2009 жылдың 17 ақпанында "Жұлдыз-Звезда" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

қазақ тіліндегі шешімнің кіріспесі келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және аумақ халқының пікірін ескере отырып, Үшқұдық ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:".

2. "Ақтөбе облысы Алға ауданы Үшқұдық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

Алға ауданы Үшқұдық ауылдық округінің әкімі

Б. Ақдаулетов